

А.М. Нурғалиева^{1*}, Ж.З. Оралбаева², М.А. Канабекова³, М.В. Штиллер⁴

¹Нархоз университеті, Алматы, Қазақстан;

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан;

³Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан;

⁴Санкт-Петербург мемлекеттік экономикалық университеті, Ресей

¹aliya_mn@mail.ru, ²oralbaeva_zhanar@mail.ru, ³kma.2372@mail.ru, ⁴stilmarmax@mail.ru

¹<https://orcid.org/0000-0001-6044-6926>, ²<https://orcid.org/0000-0003-0817-5756>,

³<https://orcid.org/0000-0003-2392-0136>, ⁴<https://orcid.org/0000-0001-7715-0654>

¹Scopus Author ID: 559334946000, ²Scopus Author ID: 57210184723,

³Scopus Author ID: 56195294700, ⁴Scopus Author ID: 57188855318

¹Researcher ID: Y-2788-2018, ²Researcher ID: O-2228-2014,

Қаржылық есептіліктегі ақпараттардың бұрмалануын анықтау әдістемесін жетілдіру

Аңдатпа:

Мақсаты: Мақаланың мақсаты қаржылық есептіліктегі ақпараттардың бұрмалануын анықтау әдістемесін жетілдіру мақсаты үшін есептік көрсеткіштерді пайдалану мәселелерін қарастыру. ҚР-ның шаруашылық субъектілерінің бірінің мысалында қаржылық есептіліктің бұрмалану белгілерін анықтау мақсатында профессор Мессод Д. Беништің «қаржылық индикаторлардың нормативтік ауытқу картасын» қолданудың мүмкіндігі көрсетілген.

Әдісі: Деректерді салыстыру, көлденең талдау, коэффициенттік талдау, абсолютті және қатысты шамалар әдістері қолданылды.

Қорытынды: Жүргізілген зерттеу нәтижелері Бениш моделінің қаржылық есептіліктегі ақпараттардың бұрмалануын анықтауға қабілетті екенін көрсетті. Амортизация, түсімдер, жиынтық пайда бойынша сату рентабельділік және жалпы әкімшілік шығыстар, сондай-ақ, қаржылық тәуелділік коэффициентінің индекстері бұрмалауларды анықтау үшін маңызды болып саналады.

Тұжырымдама: Қаржылық есептіліктегі бұрмалаулар ішкі және сыртқы бақылаудың әлсіздігі болған кезде орын алады. Бұрмалаулардың алдын-алудың ішкі деңгейі қаржылық есептілікті жасаудың ішкі тәртіптерін нақтылау арқылы іске асырылса, ал оның сыртқы деңгейінің құралы сыртқы аудит болып табылады.

Кілт сөздер: қаржылық есептілік, бухгалтерлік баланс, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп, ақпараттарды бұрмалау, ішкі аудит, қаржылық индикаторлар, коэффициенттік талдау, Бениш моделі.

Кіріспе

Қаржылық есептілікте қамтылған ұйымның қызметі туралы ақпараттар әртүрлі басқару шешімдерін қабылдауда маңызды рөл атқарады. Қазіргі уақытта қаржылық есептілік бұл ішкі және сыртқы пайдаланушылар үшін ұйымның қызметі туралы ресми қол жетімді жалғыз ақпарат көзі екендігі белгілі. Бұл бухгалтерлік есепті жүргізуге қойылатын талаптардың деңгейін арттырады. ҚР заңнамасына сәйкес қаржылық есептілік шаруашылық жүргізуші субъектінің қаржылық жағдайы, нәтижелері және оның қызметіндегі өзгерістер туралы сенімді және толық түсінік беруі керек (Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы Заң, 2007).

Экономикалық субъектілердің қызметін бақылаудың тиімді жүйесін қалыптастырудың маңызды мәселелерінің бірі қаржылық есептіліктегі ақпараттарды бұрмалау фактілерінің артуының байқалған үрдісі болып табылады. Қаржылық есептіліктің нақтылығы мен дұрыстығы мәселесі барлық уақытта өзекті болып саналады.

Бүгінгі күні осы зерттеліп отырылған мәселеге қатысты көптеген ғылыми зерттеулердің жүргізілгендігіне қарамастан бұрмалануды анықтау әдістемесін жетілдірудің қажеттілігі бар деп санаймыз. Экономикадағы қаржылық есептіліктің рөлі — бұл басқару шешімдерінің қандай болатындығына қарамастан оларды қабылдау үшін бизнеске қажетті, объективті, бейтарап, тәуелсіз ақпараттарды ұсыну. Ол үшін келесі гипотезалар ұсынылады:

* Хат-хабарларға арналған автор.
E-mail address: aliya_mn@mail.ru

1. Қаржылық есептіліктің маңыздылығын көрсететін негізгі себептердің бірі салықтарды төлеудің қажеттілігі болып табылады. Кез келген мемлекеттің үкіметі бұл есепті салықтардың дұрыс есептелініп, уақытында төленетіндігіне кепілдік алу үшін қолданады. Егер заң бойынша есептілікті жасау талап етілмесе, онда көптеген ұйымдар оны жасауға қызығушылық тудырмас еді. Бұл құжаттарды қалыптастыруға қойылатын талаптарды күшейту мақсатында үкімет компания есебін тәуелсіз тексеру үшін аудиторлық ұйымдар индустриясын құрды. Аудиттің осы процесі заңнамалық талап болып саналады.

2. Қаржылық есептілікте көрсетілген ақпараттардың ұйымға қосымша қаржылық және материалдық ресурстар беру мүмкіндіктерін қарастыратын инвесторлар, акционерлер, жеткізушілер, банктер үшін де маңыздылығы жоғары. Бұл жағдайларда көрсетілген пайдаланушылардың өз салымдарын қайтарып алу, сәйкесінше пайыздар есептеу ықтималдылықтары туралы нақты пікір қалыптастыру үшін қажет.

3. Қаржылық есептілік барлық ішкі пайдаланушылардың шешім қабылдаулары үшін барлық жағдайларда оңтайлы құрал болып табыла бермейді. Олар басқару шешімдерін қабылдау үшін қолданылатын басқа басқару есептері үшін негіз бола алады. Сондықтан да қаржылық есептіліктегі мәліметтер нақты, түсінікті, қатесіз болуы тиіс. Олай болмаған жағдайда басқару есебіндегі кез келген мәліметтер сенімсіз және негізсіз болып саналады.

4. Қаржылық есептілік ұйым ішінде маңызды ақпараттармен алмасудың қол жетімді құралы болып табылады. Онда көрсетілген мәліметтер компания қызметінің барлық бағыттары бойынша маңызды сұрақтарға жауап беруге, сонымен қатар негізделген шешімдер қабылдау үшін көмектеседі.

Осы жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, қаржылық есептіліктің маңыздылығын ұйымды неғұрлым икемді басқару құралы болып табылатындығымен негіздеуге болады.

Қаржылық есептілік ұйымды басқаруда қолданылатын негізгі ақпарат көзі ретінде әрекет ететіндіктен ақпараттарды пайдаланушылар оның шынайылығы мен толықтығына сенімді болуы керек. Сондықтан да, қаржылық есептілікке қойылатын негізгі талаптардың бірі — сенімділік талабы. Өйткені, қаржылық есептілікте орын алатын бұрмалаулар — бұл ондағы ақпараттарды пайдаланушылары үшін тәуекелдерді тудыратын өзекті мәселе.

Әдебиеттерге шолу

Қаржылық есептіліктегі ақпараттарды бұрмалау инвесторлар, кредиторлар, қарыз алушылар және есептіліктің басқа пайдаланушылары үшін тәуекелдерге әкеп соғатын өзекті мәселе болып табылады.

Бухгалтерлік көрсеткіштерді бұрмалау мәселесін зерттеген алғашқы ғалымдардың бірі — профессор И.Ф. Шерр. Ол өзінің «Бухгалтерия және баланс» деген өз еңбегінде алғаш рет бухгалтерлік баланстың бұрмалау әдістерін талдап, жіктеген болатын. Оның пікірінше, бұл әдістерге формалды бухгалтерлік баланс құрастыру; әртүрлі мүлктік құндылықтарды бір атаумен біріктіру; амортизациялық сомаларды дұрыс есептемеу, жалған борышкерлер мен кредиторларды қосу; жалған қорлар мен резервтерді құру және т.б. кіреді (И.Ф. Шерр, 1925, 456–457).

Н.Р. Вейцман өзінің ғылыми еңбектерінде есептілікті бұрмалау мәселесін зерттеген кезде бухгалтерлік баланстағы мәліметтерге ерекше назар аударған. «Баланстағы ақпараттарды бұрмалау — бұл оның активтері мен пассивтерінің жеке баптарын дұрыс бағаламау дегенді білдіреді», – деп атап көрсеткен (Н.Р. Вейцман, 1947, 58).

Американдық экономистер мен қаржыгерлер де бухгалтерлік есепті бұрмалау мәселесін зерттеуге ерекше назар аударған. Мәселен, В. Торнхилл және Д. Вэллс өз еңбектерінде есептілікті бұрмалауды компания басшылығы жасаған әрекет ретінде қарастырады, бұл есептерді бұрмалау арқылы есепті кезеңдегі компанияның пайдасы мен активтерін асыра бағалауға әкелетін әрекет ретінде анықтайды (В. Торнхилл, Д. Вэллс, 1993).

Бұл ғалымдардың қаржылық есептілікті бұрмалау туралы теориялық идеяларды әзірлеуге айтарлықтай үлес қосқанына қарамастан, жасалған ғылыми тұжырымдар қазіргі өзгерген жағдайларда толық қолданыс таба алмайды. Соңғы жылдары отандық зерттеушілердің өте аз саны қаржылық есептілікті бұрмалау мәселесіне бет бұрды. Сондықтан осы зерттеуде шетелдік мамандардың, атап айтқанда М. Бениш және басқа да авторлардың еңбектеріне көп көңіл бөлінді.

Осы мәселеге американдық профессор М. Бениш ерекше үлес қосты, ол белгілі бір нақты анықталған коэффициенттердің динамикасын есептеу мен бағалауды қамтитын нормативтік ауытқулар картасын жасады (М. Бениш, 1999).

Қазіргі уақытта Қазақстанда қаржылық есептіліктегі бұрмалануларды анықтаудың нақты анықталған әдістері жоқ және оларды әзірлеу мен жетілдірудің өткір қажеттілігі бар, бұл таңдалған зерттеу тақырыбының өзектілігін тағы бір рет растайды.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жүргізу барысында салыстыру, көлденең талдау, коэффициенттік талдау, абсолютті және қатысты шамалар сияқты жалпы ғылыми әдістер қолданылды.

Нәтижелер

Қаржылық есептілікті ұқыпсыз дайындау, яғни сандық мәліметтерді толық көрсетпеу немесе осы есептілікті пайдаланушыларды адастыру мақсатында қаржылық есептілікте ақпараттарды ашып көрсетпеу оны әдейі бұрмалау болып табылатыны белгілі (Л.В. Сотникова, 2011; А. Albizri, D. Appelbaum, 2019).

Мұндай жағдай нарықтың үмітін ақтауға немесе қызмет нәтижелеріне байланысты ақшалай сыйақы мөлшерін барынша арттыруға деген ұмтылыс аясында басшылық қаржылық есептілікке жалғандыққа әкеп соқтыратын, өз мәліметтерін елеулі түрде бұрмалайтын позицияны ұстанғанда пайда болуы мүмкін. Басшылықтың табысты едәуір төмендетуге бағытталған әрекеті салық салынатын базаны азайтуға ұмтылуымен немесе банктік қаржыландыруды тарту мақсатында керісінше пайданы асыра бағалаумен байланысты болуы мүмкін (Yuh-Jen Chen, Wan-Ching Liou, 2019).

Қаржылық есептілік көрсеткіштерін көлденең және тігінен талдау немесе қаржылық коэффициенттерді (рентабельділік, өтімділік және т.б.) есептеу сияқты аналитикалық процедураларды қолдану есептіліктегі бұрмалауларды нақты анықтауға толық мүмкіндіктер бермейді (Y.J. Kim, B. Baik, 2016).

Сондықтан, біз пайда мен түсімге қатысты бұрмалау белгілерін нақты анықтауды мынадай 3 кезең бойынша жүзеге асыруды қолдаймыз:

1. Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептің көмегімен талдау;
2. Коэффициенттік талдау;
3. Қаржылық емес көрсеткіштерді пайдалана отырып талдау (John MacCarthy, 2017).

Компанияның ақша ағындарын талдау бизнесті түсіну және ұйымның пайдасын қалыптастыру, сондай-ақ болашақтағы ақша ағындарын болжау үшін пайдалы ақпарат бере алады. Ақша қаражаттарының қозғалысына талдау жүргізу арқылы пайда көрсеткішіне қатысты бұрмалаулардың бар-жоғын анықтауға мүмкіндіктер туады (P. Hájek, G. Zhunissova, 2019), (1-кесте).

Пайда немесе зиян сомасы мен ағымдағы операциялардан түскен ақша ағынының қалдығы арасындағы байланысты бағалау үшін ағымдағы қызметтен алынған ақша қаражаттарының коэффициенті қолданылады:


$$K_{\text{ақша}} = \text{Ағымдағы операциялардан ақша ағындарының қалдығы} / \text{Таза пайда (залал)}$$

Кесте 1. Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп негізінде деректерді бұрмалау белгілерін бағалау

№	Көрсеткіштердің атауы	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	Өзгерістер, мың теңге		Өсу қарқыны, %	
					2018 / 2019	2019 / 2020	2018/ 2019	2019/ 2020
1	Ағымдағы операциялардан ақша ағындарының қалдығы, мың теңге	27381	20181	13848	-7200	-6333	73.71	68.62
2	Таза пайда (залал), мың теңге	7573	7819	332	246	-7487	103.25	4.25
3	Ағымдағы қызметтен алынған ақша қаражатының коэффициенті ($K_{\text{ақша}}$) (1жол/2жол)	3.615	2.581	41.710	-1.034	39.129	71.39	1616.04

Ескерту — зерттеуге алынған ұйым деректері негізінде авторлар құрастырған

Осы кестеде көрсетілген деректер негізінде, ұйымдағы ағымдағы операциялар нәтижесінде болған ақша қаражаттарының ағыны мен таза пайда арасындағы сәйкестіктерді сурет түрінде көрсетейік (сурет 1).



Сурет 1. Ақша ағыны мен таза пайданың сәйкестігі

Ескерту — авторлармен құрастырылған

Зерттеу объектісі ретінде алынған ұйымның ақша ағыны мен операциялық пайда арасындағы байланыстарды талдау зерттелген көрсеткіштердің өсу қарқынында елеулі сәйкессіздіктер бар екенін көрсетті. Бұл құбылыстың себебі қаржылық есептілікте пайда көрсеткішін бұрмалау болуы мүмкін. Ұйым басшылығының есептілікті әдейі бұрмалау тәуекелін анықтау үшін қосымша талдау қажет.

Бухгалтерлік баланс көрсеткіштері және пайда мен залал туралы есеп арасындағы байланысты анықтау үшін Бениш моделі қолданылады (M. Erdoğan, E.O. Erdoğan, 2020; S. Repousis, 2016) (кесте 2). Ол ұйымдардың қаржылық мәліметтерін зерттеу негізінде құрылған және келесідей сегіз индексті есептеуден тұрады:

$$\text{Бениш моделі} = -4.48 + \text{DSRI} \times 0.92 + \text{GMI} \times 0.528 + \text{AQI} \times 0.404 + \text{SGI} \times 0.892 + \text{DEPI} \times 0.115 - \text{SGAI} \times 0.172 + \text{TATA} \times 4.679 - \text{LVGI} \times 0.327$$

Кесте 2. Қаржылық көрсеткіштерді есептеу

№	Көрсеткіштердің атауы	Мәндері, мың теңге		Өсу қарқыны, бірлікпен
		01.01.2019 ж.	01.01.2020 ж.	
1	Дебиторлық берешек	21994	13530	0.615
2	Түсім	159255	142280	0.893
3	Өзіндік құн	-	-	-
4	Активтер	359285	304456	0.847
5	Қысқа мерзімді активтер	31446	23343	0.742
6	Негізгі құралдар	202009	183963	0.911
7	Негізгі құралдар амортизациясы	69734	96786	1.388
8	Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер бойынша есептелген амортизация	146608	202340	1.380
9	Коммерциялық шығыстар	130190	122302	0.939
10	Ұзақ мерзімді міндеттемелер	18164	18231	1.003
11	Қысқа мерзімді міндеттемелер	145379	90902	0.625
12	Ақша қаражаттары	1131	1419	1.254
13	Пайдаға салынатын салықтар бойынша берешек	6281	5232	0.832
14	Ұзақ мерзімді несиелердің қысқа мерзімді бөлігі	0	0	0

Ескерту- зерттеуге алынған ұйым деректері негізінде авторлар құрастырған

Ұйымның 2-кестеде көрсетілген мәліметтері негізінде Бениш моделі бойынша ауытқу мөлшерлерін анықтайық (кесте 3).

Кесте 3. Қаржылық көрсеткіштердің нормативтік ауытқу картасы

Көрсеткіштердің атауы	Есептеу әдістемесі	Бениш бойынша норматив	Ұйым мәліметтері негізінде есептеу нәтижесі
Дебиторлық қарыз айналымының серпіні (DSRI)	$DSRI = (AR_t/S_t) / (AR_{t-1}/S_{t-1})$ мұндағы, AR — дебиторлық қарыз; t — кезең (жыл); S — сатудан түскен түсім	< 1.031	0.688
Түсімдегі маржиналдық пайда үлесінің серпіні (GMI)	$GMI = [(S_{t-1} - COGS_{t-1})/COGS_t] / (S_{t-1}/S_t)$ мұндағы, COGS — өзіндік құны	< 1.014	0
Активтер сапасының серпіні (AQI)	$AQI = [(1 - CA_t + PPE_t)/TA_t] / [(1 - CA_{t-1} + PPE_{t-1})/TA_{t-1}]$ мұндағы, CA — қысқа мерзімді активтер; PPE — негізгі құралдар; TA — активтер	< 1.039	1.111
Түсімдер серпіні (SGI)	$SGI = S_t/S_{t-1}$	< 1.411	0.893
Амортизациялық аударымдардың серпіні (DEPI)	$DEPI = (D_{t-1}/D_t) / [(D_{t-1} + PPE_{t-1})/(D_t + PPE_t)]$ мұндағы, D — негізгі құралдар амортизациясы	< 0.018	0.745
Түсімдегі сатуға арналған шығыстар үлесінің серпіні (SGAI)	$SGAI = (SGA_t/SGA_{t-1}) / (S_t/S_{t-1})$ мұндағы, SGA — сату бойынша шығыстар	1.0	1.051
Қаржылық тұтқа серпіні (LVGI)	$LVGI = [(LTD_t + CL_t)/TA_t] / [(LTD_{t-1} + CL_{t-1})/TA_{t-1}]$ мұндағы, LTD — ұзақ мерзімді міндеттемелер; CL — қысқа мерзімді міндеттемелер; TA — активтер	1.0	0.787
Айналым капиталының өзгеруі (TATA)	$TATA = (\Delta CA - \Delta C - (\Delta CL - \Delta CPLTL - \Delta DT) - D\&A) / TA_t$ мұндағы, CA — қысқа мерзімді активтер; C — ақша қаражаттары; CPLTL — ұзақ мерзімді міндеттемелердің ағымдағы үлесі; DT — пайдаға салынатын салықтар бойынша берешек; D&A — негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы	Индикатордың мәні нөлге жақындауы керек	-0,517

Ескерту- зерттеуге алынған ұйым деректері негізінде авторлар есептеген

Бениш моделі бойынша ұйым есептілігінің деректерін талдау нәтижесі бойынша, оның көптеген көрсеткіштері нормативтік мәндерге сәйкес келмейтінін көруге болады. Бұл жағдай келесідей ықтимал бұрмалаулардың орын алуы мүмкін екендігін көрсетеді:

- амортизациялық аударымдардың күрт өзгеруі қаржылық есептіліктегі бұрмалау ықтималдығын көрсетеді;

- жиынтық активтерге қатысты түзетілген айналым капиталының серпіні тұрақты емес. Бұл жағдай есептеу қағидасы негізінде ұйым кірістері мен шығыстарының бұрмалануын анықтауға мүмкіндіктер береді.

Талдамалық рәсімдерді жүргізу кезінде есепті кезеңдегі түсімдерді өткен кезеңдердегі түсімдермен салыстырумен шектелмеу керек. Түсімдердің өсуі туралы есептік деректерді оның өсуіне тікелей әсер ететін қаржылық емес көрсеткіштермен салыстыру өте маңызды рөл атқарады.

Осындай талдауды жүргізу мақсатында персонал бойынша түсімнің өсу көрсеткішін қолданайық, яғни: $T_{өсуі} = \text{Түсімнің өсу қарқыны} - \text{Персоналдар санының өсу қарқыны}$ (кесте 4).

Кесте 4. Қаржылық емес көрсеткіштер серпінін талдау

Көрсеткіштердің атауы	2019 жыл	2020 жыл	Өсу қарқыны, %	Бұрмалау тәуекелін бағалау (Бениш моделі бойынша)		
				төмен	орташа	жоғары
1. Түсім, мың теңге	159255	142280	89.34	x	x	x
2. Персоналдың саны, адам	94	92	97.87	x	x	x
3. Персонал бойынша түсімнің өсуі	x	-8.53	x	≤4	4–20	≥20

Ескерту – зерттеуге алынған ұйым деректері негізінде авторлар есептеген

Бұл кесте түсімдердің өсуі мен қызметкерлер санының өсуі арасындағы байланысты көрсетеді. Бұдан шығатын қорытынды ұйымдағы пайданы бұрмалау тәуекелін бағалау деңгейінің төмен екендігін сипаттайды.

Осылайша, Бениш моделі бойынша ұйымның қаржылық есептілігіне үш дәстүрлі емес әдісті қолдана отырып жүргізілген талдау оның әдейі бұрмалау белгілерінің болуын көрсетті. Сондықтан ұйым қызметіне тұтастай тексеру жұмыстарын жүргізу қажет.

Талқылау

Қазіргі уақытта қаржылық есептіліктегі ақпараттардың шынайылығына тәжірибелік тұрғыдан өте көп назар аударылып отыр. Есеп деректерінің шынайылық пен сенімділік мәселесіне ерекше көңіл қойылуының негізгі себептерінің бірі қазіргі жағдайда экономикалық саладағы құқық бұзушылықтардың өсуі болып табылады.

Егер бұрын негізінен активтердің әртүрлі түрлерінің жетіспеуі, ысырап етілуі және ұрлану фактілерін тергеуге байланысты құқық бұзушылықтар болса, қазіргі уақытта қаржылық есептілік деректерін бұрмалау арқылы жасалатын құқық бұзушылықтар неғұрлым кең тарап отыр. Құқық бұзушылықтың мұндай түрлеріне контрагенттермен есеп айырысудан жалтару, салықтық қылмыстар, заңсыз несие алу, серіктестерді немесе инвесторларды алдау, ұйымдардың жалған және әдейі банкроттығы және т.б. жатқызуға болады. Сондықтан да қаржылық есептілік ақпараттарын бұрмалау инвесторлар, кредиторлар, қарыз алушылар және басқа да пайдаланушылар үшін тәуекелдерге әкеп соқтыратын өзекті мәселе болып есептеледі.

Қаржылық есептілікті бұрмалау екі жақты сипатқа ие. Бір жағынан, бұрмалауды компаниялардың басшылығы мен меншік иелері жасайды, бұл ретте сыртқы пайдаланушылардың шешімдеріне әсер ететін сыртқы қаржылық есептіліктің («жоғарыдан төменге» бұрмалау) деректері бұрмаланады.

Екінші жағынан — қызметкерлер бастапқы бухгалтерлік есеп мәліметтерін бұрмалайды, соның нәтижесінде қаржылық есептіліктің бұрмалануы орын алады («төменнен жоғарыға» бұрмалау).

Қаржылық есептілікті бұрмалау бухгалтерлік есеп ақпараттарын қолданушыларды жаңылыстыру, не материалдық құндылықтарды ұрлауды жасыру мақсатында ондағы деректерді қасақана өзгерту болып табылады.

Қаржылық есептіліктегі ақпараттарды бұрмаудың мақсаттарына мыналарды жатқызуға болады:

1. Қандай да бір бәсекелестік артықшылықтарға ие болу;
2. Қаржылық тұрақтылықты көрсету;
3. Материалдық игіліктерді ұрлау;
4. Болжамдық көрсеткіштерге сәйкес келу;
5. Ұйымның нарықтық құнына әсер ету және т.б.

Бұрмалау бухгалтерлік жазбаларға, құжаттарға негізсіз өзгерістер енгізу немесе заңсыз іс-әрекеттер жасау жолымен жүзеге асырылады.

Тәжірибеде есептіліктегі қаржылық нәтижелердің, активтер мен міндеттемелердің көлемін өзгерту және қаржылық есептілікте ақпаратты тиісінше ашып көрсетпеу сияқты бұрмалаудың түрлері жиі кездеседі. Осы аталғандардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталайық.

Қаржылық нәтижелерді бұрмалау әдістерінің қатарына төмендегілерді жатқызуға болады:

– активтердің жалған қозғалысын ақша қаражатының нақты қозғалысы арқылы құжаттық рәсімдеумен негізделген жалған түсімді тану;

– шарттың талаптары меншік құқықтарының өтуіне және активтерді пайдаланудан тиімділік және қосымша тәуекелдерді алуға қатысты елеулі белгісіздік болуына қарамастан, сатудан түскен түсімді тануды болжайтын талап қойылған мәмілелер;

– түсімдерді тану мерзімдерін бұзу;

– жалған баға бойынша тауарларды жөнелту. Ұйымдар көбінесе сапасыз тауарларды сапалы тауарлардың құны бойынша делдалдар арқылы сатады. Делдал шарт бойынша ақы төлеуді ақаулы тауардың нақты құны мөлшерінде жүзеге асырады, дебиторлық берешектің қалған бөлігі уақыт өте келе өндіріп алу мүмкін емес деп есептен шығарылады. Осылайша, ағымдағы есепті кезеңнің түсімі артып, келесі есепті кезеңдердің пайдасы азайтылады.

Ұйым активтері мен міндеттемелерінің сомасын бұрмалау мынадай әдістермен іске асырылуы мүмкін:

- талаптар мен міндеттемелерді қате есепке алу жолымен актив пен пассив баптарын өтеу;
- бір баланстық бапта әртекті сомаларды біріктіру;

- өзге де дебиторлар мен кредиторлар баптары бойынша қалдықтарды заңсыз сальдолау;
- жалған компаниялар арқылы есеп айырысуларды жүргізу;
- дебиторлық қарыздар сомасын үмітсіз берешек мөлшерін азайту арқылы көбейтуге тырысуы мүмкін. Бұл аз мөлшерде күмәнді қарыздар бойынша резерв құруға мүмкіндік береді, ол өз кезегінде кірістің артуына әкеледі;
- қорлардың нақты көлемдерін арттыру, олардың есептік бағаларын өзгерту, оларды есептен шығаруға қатысты мерзімін ұзарту;
- қорларды ұрлау, басшылық мүддесі үшін қорларды жалған сату, жалған қорларды есепке қою;
- қаржылық құралдарды қолдану арқылы қаржылық қызмет есебінен операциялық қызметтен болған ақша ағымдарын ұлғайту;
- шартты активтер мен міндеттемелер туралы ақпараттарды ашып көрсетпеу;
- есеп саясатында болған өзгерістерді толық ашып көрсетпеу және т.б.

Қаржылық ақпараттардың сапасы әрқашан назар аударатын маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Соңғы уақытта қаржылық есептіліктегі бұрмалауларды анықтау қажеттілігі белгілі бір мақсаттарға жету үшін қаржылық көрсеткіштерді жасанды түрде жақсартуға немесе нашарлатуға тырысатын компаниялар санының көбеюіне байланысты артып келеді.

Есептік көрсеткіштерді қасақана бұрмалау осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын шешімдердің объективтілігіне қауіп төндіретіні белгілі. Сондықтан қаржылық есептіліктегі бұрмалаушылықтарды анықтау мақсатында талдамалық рәсімдерді пайдалану орынды болып табылады.

Талдамалық рәсімдерді қолдану қаржылық көрсеткіштердің өзара байланыстары мен қатынастарының заңдылықтарын анықтауға, талдауға және бағалауға, сонымен бірге орын алған ауытқуларға зерттеулер жүргізуге мүмкіндіктер береді. Бұл ретте талдамалық рәсімдер қаржылық және қаржылық емес сипаттағы біртекті және әртекті деректерге қатысты қолданылуы мүмкін.

Бірінші жағдайда қаржылық ақпаратты талдау нәтижесінде мынадай талдамалық белгілер сәйкестендірілуі тиіс:

- алдыңғы кезеңмен немесе басқа да салыстырмалы деректермен салыстырғанда қаржылық көрсеткіштердің айтарлықтай негізсіз ауытқуы;
- қорлардың азаюы кезінде кірістердің ұлғаюы;
- ақшалай түсімдердің азаюына қарамастан кірістердің ұлғаюы;
- кредиторлық берешектің азаюы кезінде қорлардың ұлғаюы;
- өнім бірлігі үшін бағаның ұлғаюы кезінде сату көлемінің ұлғаюы.

Егер қаржылық көрсеткіштерді талдаудың мақсаты түсініксіз өзара байланыстардың белгілерін анықтау болса, онда мұндай талдауды бастамас бұрын компанияның ерекшелігін ескере отырып, нормадан ауытқу болып саналатын өлшемдерді белгілеу маңызды.

Бұрмалауларды анықтауда қаржылық емес ақпараттарды талдау (іскери серіктестермен қарым-қатынас немесе контрагенттерді тексеру) үлкен рөл атқаруы мүмкін. Қаржылық есептілікті қолданушыларға бұрмалауларды анықтауға көмектесетін талдамалық белгілер қатарына келесілерді жатқызуға болады:

- аудиторлармен қарым-қатынасқа байланысты: сыртқы аудитордың жиі ауысуы; аудиторлар талап ететін ақпаратты беруден бас тарту немесе кешіктіру; фирмаішілік аудиттің болмауы; аудитордың компанияның қаржылық жағдайы туралы пікір беруден бас тартуы немесе ұсынылған қаржылық құжаттардың деректерімен келіспеуі.
- менеджерлермен қарым-қатынас бойынша: менеджерлер арасында кадрлар ағымының жоғары болуы; басшылықтық жиі өзгеруі.
- банктермен және басқа қаржы ұйымдарымен қарым-қатынас бойынша: міндеттемелер сомасының көп болуы; компанияның несиелер алу түрінде қаржыландыруды қамтамасыз ете алмауы.
- бәсекелестермен қарым-қатынастарға байланысты: қатаң бәсекелестік орта; серіктестер арасындағы қатынастар құрылымын қайта құру.
- тапсырыс берушілермен және жеткізушілермен қарым-қатынас бойынша: жаңа тапсырыс берушілер немесе жеткізушілердің көп болуы; контрагенттерді тексеру жүйесінің болмауы.

Қорытынды

Біздің ойымызша, қаржылық есептіліктегі ақпараттарды бұрмалауға бағытталған жоғарыда аталған әрекеттерді ішкі және сыртқы деңгейлерде анықтауға және тоқтатуға болады. Ішкі деңгей есептілікті жасау бойынша ішкі нормативтерді реттеуден, лауазымдық қызметтер мен міндетті жауапкершіліктің нақты аражігін ажыратудан, қызметкерлер арасындағы мүдделер қақтығысын болдырмаудан тұрады.

Ішкі бақылау жүйесі — бұл есептерді дайындаумен тікелей айналысатын ұйымның бухгалтерлік қызметінің күшімен бақылау шараларын орындау. Сонымен қатар, қателерді анықтау үшін түгендеу, бухгалтерлік есеп көрсеткіштерін талдау, арифметикалық және логикалық бақылау сияқты әдістер қолданылады.

Сыртқы аудит — бұл сыртқы пайдаланушыларға бұрмаланған ақпарат беруді болдырмауға арналған келесі қорғаныс деңгейі болып саналады. Тұрақты тәуелсіз аудиторлық тексерулер қаржылық есептіліктегі ақпараттардың шынайылығын растап қана қоймай, оны жетілдіру және ұйым қызметінің тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар алуға мүмкіндіктер береді.

Сонымен, қаржылық есептілік басқару жүйесінің маңызды элементтердің бірі болып табылатындықтан, оны ұйымның экономикалық стратегиясын әзірлеу үшін құрылатын база деп санауға толық негіз бар. Компанияның қаржылық есептілік мәліметтерін талдау және бағалау оның қаржы-экономикалық қызметінің кірістілігін арттыру және тәуекелді төмендету бойынша білікті басқару шешімдерін қабылдауға, олардың шаруашылық қызметінің тиімділігін арттыру факторлары мен резервтерін анықтауға мүмкіндік береді.

References

- Albizri A. Evaluation of financial statements fraud detection research: a multi-disciplinary analysis. / A. Albizri, D. Appelbaum, N. Rizzotto. // *International Journal of Disclosure and Governance*, 2019. — 16. — P. 206–241.
- Beneish Messod D. The Detection of Earnings Manipulation / D. Messod Beneish — *Financial Analysts Journal*, 1999. — 10 (9). — P. 24–36.
- Erdogan M. Financial Statement Manipulation: A Beneish Model Application /M. Erdogan, E.O. Erdogan // *Contemporary Issues in Audit Management and Forensic Accounting (Contemporary Studies in Economic and Financial Analysis*, 2020. — Vol. 102. — P. 173–188 <https://doi.org/10.1108/S1569-37592020000102014>
- Hajek P. Competitiveness and economic profit analysis of Kazakhstan's poultry companies. / P. Hajek, G. Zhunissova, Z. Oralbaeva, A. Zhidebekkyzy, A. Baidildina // *Journal of International Studies*, 2019. — 12 (2). — P. 147–164 [doi: 10.14254/2071-8330.2019/12-2/9](https://doi.org/10.14254/2071-8330.2019/12-2/9)
- John MacCarthy. Using Altman Z-score and Beneish M-score Models to Detect Financial Fraud and Corporate Failure: A Case Study of Enron Corporation. / John MacCarthy — *International Journal of Finance and Accounting*, 2017. — 6 (6). — P. 159–166.
- Kim Y.J. Detecting financial misstatements with fraud intention using multi-class cost-sensitive learning. / Y.J. Kim, B. Baik, S. Cho // *Expert Systems with Applications*, 2016. — 62. — P. 32–43.
- Repousis S. Using Beneish model to detect corporate financial statement fraud in Greece. / S. Repousis — *Journal of Financial Crime*, 2016. — Vol. 23. — 4. — P. 1063–1073 <https://doi.org/10.1108/JFC-11-2014-0055>
- Thorhill W.T. *Fraud terminology Reference guide. Association of Certified Fraud Examiners.* / W.T. Thorhill, J.T. Wells // Austin: TX, 1993.
- Yuh-Jen Chen. Fraud detection for financial statements of business groups / Chen Yuh-Jen, Liou Wan-Ching, Chen Yuh- Min, Wub Jun-Han // *International Journal of Accounting Information Systems*, 2019. — Vol. 32.
- «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415 Заңы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000415>
- «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қарашадағы № 304–1 Заңы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000304>
- «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234 Заңы. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000234>
- Вейцман Н.Р. Балансы капиталистических предприятий. Их построение, оценка, публикация и анализ / Н.Р. Вейцман. — М.: Госпланиздат; Типогр. им. Воровского в Калуге, 1947. — 106 с.
- Сотникова Л. В. Мошенничество с финансовой отчетностью: выявление и предупреждение / Л.В. Сотникова. — М.: Бухгалтерский учет, 2011. — 208 с.
- Шерр И. Ф. Бухгалтерия и баланс / И.Ф. Шерр. — М.: Экономическая жизнь, 1925. — 125 с.

А.М. Нурғалиева, Ж.З. Оралбаева, М.А. Канабекова, М.В. Штиллер

Совершенствование методики выявления искажений информации в финансовой отчетности

Аннотация

Цель: Цель статьи — рассмотрение вопросов использования финансовых индикаторов для выявления искажений информации в финансовой отчетности. На примере одной из казахстанских компаний показана возможность использования «карты нормативных отклонений финансовых индикаторов» профессора Мессода Д. Бениша с целью выявления признаков искажения финансовой отчетности.

Методы: Применены методы сравнения данных, горизонтального анализа, коэффициентного анализа, абсолютных величин.

Результаты: Результаты проведенного исследования показали, что модель Бениша способна выявлять искажения информации в финансовой отчетности. Важным для выявления искажений являются показатели амортизации, выручки, рентабельности продаж по совокупной прибыли и общеадминистративных расходов, а также индексы коэффициента финансовой зависимости.

Выводы: Искажения в финансовой отчетности происходят, когда наблюдается слабость внутреннего и внешнего контроля. Внутренний уровень защиты от искажений осуществляется путем уточнения внутренних регламентов составления финансовой отчетности, а инструментом внешнего уровня предупреждения искажений выступает внешний аудит.

Ключевые слова: финансовая отчетность, бухгалтерский баланс, отчет о движении денежных средств, искажение информации, внутренний аудит, финансовые индикаторы, коэффициентный анализ, модель Бениша.

А.М. Nurgaliyeva, Zh.Z. Oralbayeva, M.A. Kanabekova, M.V. Shtiller

Improving the methodology for identifying information distortions in financial statements

Abstract

Object: The purpose of the article is to consider the use of financial indicators to identify information distortions in financial statements. Based on the example of one of the Kazakhstan companies the possibility of using the “map of regulatory deviations of financial indicators” by Professor Messod D. Benish in order to identify signs of financial statements distortion has been provided.

Methods: Data comparison, methods horizontal analysis, coefficient analysis, absolute values were applied.

Results: The results of the conducted research demonstrated that the Benisha model is able to identify distortions of information in financial statements. Important ones for identifying distortions are indicators of depreciation, revenue, return on sales on total profit and general administrative expenses, as well as indices of the coefficient of financial dependence.

Conclusions: Presence of a weakness of internal and external control leads to the distortions in financial statements. The internal level of protection against distortions is carried out by clarifying the internal regulations for the preparation of financial statements, and the external level of prevention of distortions is an external audit.

Keywords: financial statements, balance sheet, cash flow statement, information distortion, internal audit, financial indicators, coefficient analysis, Benish model.

References

- Albizri, A., Appelbaum, D., & Rizzotto, N. (2019). Evaluation of financial statements fraud detection research: a multi-disciplinary analysis. *International Journal of Disclosure and Governance*, 16, 206–241.
- Beneish, Messod D., (1999). The Detection of Earnings Manipulation, *Financial Analysts Journal*, 09–10, 24–36.
- Erdoğan, M., & Erdoğan, E.O. (2020). Financial Statement Manipulation: A Beneish Model Application, *Contemporary Issues in Audit Management and Forensic Accounting (Contemporary Studies in Economic and Financial Analysis, Vol. 102)*, 173–188 <https://doi.org/10.1108/S1569-375920200000102014>
- Hájek, P., Zhunissova, G., Oralbaeva, Z., Zhidebekkyzy, A., & Baidildina, A. (2019). Competitiveness and economic profit analysis of Kazakhstan’s poultry companies. *Journal of International Studies*, 12 (2), 147–164 doi: 10.14254/2071–8330.2019/12–2/9.
- John MacCarthy (2017). Using Altman Z-score and Beneish M-score Models to Detect Financial Fraud and Corporate Failure: A Case Study of Enron Corporation. *International Journal of Finance and Accounting*, 6(6), 159–166.
- Kim, Y. J., Baik, B., & Cho, S. (2016). Detecting financial misstatements with fraud intention using multi-class cost-sensitive learning. *Expert Systems with Applications*, 62, 32–43
- Repousis, S. (2016). Using Beneish model to detect corporate financial statement fraud in Greece. *Journal of Financial Crime*, Vol. 23, 4, 1063–1073 <https://doi.org/10.1108/JFC-11-2014-0055>.
- Thorhill W.T. & Wells J. T. (1993). *Fraud terminology Reference guide*. Association of Certified Fraud Examiners. Austin: TX.

- Yuh-Jen Chen, Wan-Ching Liou, Yuh-Min Chen, & Jyun-Han Wub (2019). Fraud detection for financial statements of business groups. *International Journal of Accounting Information Systems, Vol. 32, March*, 1–23.
- Aktsionerlik qoғamdar turaly Qazaqstan Respublikasynyń 2003 jylǵy 13 mamyrdaǵy № 415 Zańy [The Law of the Republic of Kazakhstan dated May 13, 2003 No. 415 “On joint stock companies”]. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000415> [in Kazakh].
- Auditorlyq qyzmet turaly Qazaqstan Respublikasynyń 1998 jylǵy 20 qarashadaǵy № 304–1 Zańy [The Law of the Republic of Kazakhstan dated 20 November 1998 No. 304–1 “On Audit Activity”]. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000304> [in Kazakh].
- Buhgalterlik esep pen qarjylyq esepilik turaly Qazaqstan Respublikasynyń 2007 jylǵy 28 aqpandaǵy № 234 Zańy. [The Law of the Republic of Kazakhstan dated 28 February 2007 No. 234 “On Accounting and Financial Reporting”]. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000234> [in Kazakh].
- Vejczman, N.R. (1947). Balansy kapitalisticheskikh predpriatii. Ikh postroenie, otsenka, publikatsiia i analiz [Balances of capitalistic enterprises. Their formation, evaluation, publication and analysis]. Moscow: Gosplanizdat; Tipografiia imeni Vorovskogo v Kaluge [in Russian].
- Sotnikova, L.V. (2011). Moshennichestvo s finansovoi otchetnostiu: vyivlenie i preduprezhdenie [Financial reporting fraud: detection and prevention]. Moscow: Bukhgalterskii uchët [in Russian].
- Sherr, I.F. (1925). Bukhgalteriia i balans. [Accounting and balance]. Moscow: Yekonomicheskaiia zhizn.